



18/1-196 04.06.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫ, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ
ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 467-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 2-беті

1. «ОҚМА» АҚ Оқу-әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру кезеңділігі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 3-беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
3. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	8
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫ	9
5. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕГЕ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	10
6. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕНІ ӘЗІРЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ.....	14
7. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕНІ ЖӘНЕ ОҚУСАБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІН ӘЗІРЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	14
8. БЕКІТІЛГЕН САБАҚ КЕСТЕСІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	19
9. БЕКІТІЛГЕН САБАҚ КЕСТЕСІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	19
10. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	19
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	19
ҚОСЫМША	21

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 4-беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

-Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ "Білім туралы" Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 24.06.2024ж.);

- ҚР БҒМ "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 04.20. 2011ж. №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 29.04.2024ж.);

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 01.09.2025ж.);

- «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 30.09.2025ж.);

- -Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 22.04.2025ж.);

- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 13.04.2026ж.);

- «ОҚМА» АҚ білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы ережесі Е 451-2026;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026;

ISO 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

ISO 9001: 2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 5-беті

СТ 004 - 2024	Қызметтік құжаттарды басқару;
СТ 007-2024	Жазбаларды басқару;
СТ 009-2024	Жақсартуды жоспарлау;
СТ 010-2024	Басшылық тарапынан талдау;
СТ 020-2024	Ішкі аудит;
СТ 021-2024	Сәйкессіздіктерді басқару, түзету әрекеттері;
СТ 023-2024	«ОҚМА» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Бұл ережеде келесідей ұғымдар мен анықтамалар қолданылды:

Академиялық күнтізбе - Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) (академик күнтізбе) - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;

Академиялық кредит-білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

Академиялық кезең (term) – ЖЖОКБҰ өз бетінше екі нысанның бірін белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр және триместр;

Академиялық сағат-оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады;

Аудиториялық қор-оқу сабақтарын өткізуге арналған жиынтық: оқу аудиториялары, зертханалар, тәжірибелік-дағдылар орталығы, арнайы жабдықталған орындар және т. б.

Жоғары оқу орнының компоненті (бұдан әрі – ЖООК) - білім беру бағдарламасын игеру үшін ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;

Кредиттерді трансферттеу (аудару) және жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS)білім алушылардың шетелде алған кредиттерін оқу орнына қайтып келгенде оның дәрежесіне есептелетін кредиттерге айырбастау, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау әдісі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 6-беті

Дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы білім алушының өз бетінше зерттеу нәтижелерін қорытуды білдіретін бітіру жұмысы;

Дипломдық жоба-жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешу болып табылатын білім алушының бітіру жұмысы;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің немесе модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Таңдау компоненті-пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттер өз бетінше таңдайтын ЖЖОКБҰ ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;

Кредит (сынақ бірлігі) - білім беру бағдарламасының көлемін өлшеудің әмбебап бірлігі.

Модуль - білім беру бағдарламасының дербес, оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған, білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерлігі, дағдылары, құзыреттілігі және барабар бағалау критерийлері бар құрылымдық элементі;

Міндетті компонент - МЖМБС белгілеген және студенттер міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі;

Тіркеу офисі - білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркейтін, білімін бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыратын және оның академиялық рейтингісін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

Тәжірибелік сабақ - бұл білім алушыларда кейінгі пәндерді (модульдерді) зерделеу және кәсіби міндеттерді шешу үшін практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың бір түрі;

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – пәндер немесе модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері, оларды зерделеу үшін осы

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 7-беті

пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін алынған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етіледі және (немесе) модульдер;

Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері;

Жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім алушылардың білім беру бағдарламасы және жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

Білім алушының өзіндік жұмысы – білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СРО) - оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, дербес оқуға бөлінген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай ол білім алушының өзіндік жұмысына (бұдан әрі – СРО), магистранттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – МӨЖ) және дербес жұмысқа бөлінеді докторанттың (бұдан әрі – ДӨЖ) барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады;

Оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы – оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) - ЖЖОКБҰ немесе оқытушының өзі айқындайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін оқытушының басшылығымен білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ), дербес жұмыс болып бөлінеді оқытушының басшылығымен магистранттың (бұдан әрі – ОМӨБ) және оқытушының басшылығымен докторанттың дербес жұмысының (бұдан әрі – ОДӨЖ);

Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – ұсынылатын әдебиеттің мазмұнын, көлемін, көлемін айқындайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты;

Оқу аптасы - дүйсенбіден басталатын бес (алты) күндік уақыт аралығы;

Фронтальды оқыту - білім алушылар бірнеше пәндерді қатар оқитын оқыту түрі;

Цикл - білім берудің бір бағыты бойынша пәндер жиынтығы;

Циклдік оқыту - пәндер дәйекті түрде оқытылатын оқыту түрі;

Элективті пәндер - белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау бойынша ЖОО компоненті мен компонентіне кіретін және жжжбү енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және қажеттіліктерін ескеретін,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 8-беті

қалыптасқан ғылыми мектептер;

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

3. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл ережеде келесідей белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылды:
«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам

- | | |
|-------|---|
| ЖОО | - жоғары оқу орны |
| МЖМБС | - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| ТжКБ | - техникалық кәсіптік білім беру |
| ОӘТЖ | - Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстар |
| ОӨО | - Оқу- әдістемелік орталық |
| ТО | - Тіркеу офисі |
| ЖОЖ | - жеке оқу жоспары |
| ОЖЖ | - оқу жұмыс жоспары |

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 9-беті

ҮОЖ	- үлгілік оқу жоспары
ББ	- білім беру бағдарламасы
ЖББ	- жалпы білім беретін пәндер циклі
БП	- базалық пәндер циклі
БнД	- бейіндік пәндер циклі
ҚА	- қорытынды аттестаттау комиссиясы
ЭПК	- эликтивті пәндер каталогы
ПОҚ	- профессор-оқытушылар құрамы
БООЖ	- білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
БӨЖ	- білім алушының өзіндік жұмысы
СМЖ	- сапа менеджмент жүйесі.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

4.1. Осы қолданыстағы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ (әрі қарай - «ОҚМА» АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады .

4.2. Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды Академиялық жқмыстар жөніндегі жөніндегі проректор бақылайды. Жұмыс барысында Оқу-әдістемелік орталығы (ОӨО) ереженің талаптарын сақтауға жауапты.

4.3. Оқу жұмыс жоспары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі білім беру мекемелерінде оқу процесін сапалы ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін басқарудың шешуші құралдарының бірі болып табылады.

4.4. Оқу сабақтарының кестесін әзірлеу қолданыстағы жұмыс оқу жоспарларын терең білуді және түсінуді, профессор-оқытушылар құрамының нақты мүмкіндіктерін, аудиториялық қордың өткізу қабілетін, сондай-ақ басқа да қосымша ақпаратты білуді талап ететін процесс болып табылады.

4.5. Оқу жұмыс жоспары мен академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестелерін оқу-әдістемелік орталықтың әдіскерлері/аға әдіскерлері келесі білім беру деңгейлері үшін жасайды: бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура, докторантура және техникалық кәсіптік білім беру. (ТжКБ)

4.6 «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

4.7 Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 10-беті

шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

5 ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕГЕ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) білім алушының үлгілік оқу жоспары мен жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен ғылым және жоғары білім Министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС негізінде әзірленеді:

5.1.1. ғылыми негізделген болу, ғылым мен техниканың заманауи жетістіктеріне сәйкес болу;

5.1.2. оқытудың жоғары теориялық, кәсіптік және практикалық бағытын, мамандық пен мамандану бейінін барынша есепке алуды, іргелі даярлықтың үздіксіздігін және оның дәйектілігін қамтамасыз ету;

5.1.3 ағындардың қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында модульдер мен оларға кіретін пәндердің біріздендірілуін қамтамасыз ету және кафедралардың семестрлер бойынша пәндерінің шамадан тыс жүктелуін болдырмау.

5.2 Білім беру бағдарламасының ОЖЖ барлық оқу кезеңіне белгіленген нысанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады және Ғылыми Кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді

5.2.1. ОЖЖ-да оқу жылына арналған пәндер тізбесі және олардың кредиттердегі еңбек сыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа түрлері (практика, қорытынды аттестаттау) айқындалады.

5.2.2. ОЖЖ оқу сабақтарының кестесін құруға және оқытушының оқу жұмысының күрделілігін есептеуге негіз болады.

5.3. ОЖЖ негізгі мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі-БнП). ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – ЖБП), ЖОО компоненті (бұдан әрі – ЖООК) және таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және БнП циклдары ЖООК және ТК пәндерін қамтиды. ЖООК және ТК пәндерін ЖОО дербес айқындайды және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің талаптарын және білім

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 11-беті

алушының жеке мүдделерін ескереді.

5.3.1. ЖБП циклінің міндетті компонентінің пәндері: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарлануға бағытталған.

5.3.2. ЖБП циклінің ТК пәндері білім алушылардың медицинада құзыреттіліктері мен дағдыларын, тіршілік қауіпсіздігін, көшбасшылықты, инновацияларды қабылдау қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

5.3.3. Базалық пәндер циклі (БП) - болашақ маманның тиісті мамандық бойынша іргелі білімін қалыптастыруға бағытталған.

5.3.4. Бейіндеуші пәндер циклі (БнД) - кәсіптік қызметтің нақты саласына қатысты арнайы білімдердің, іскерліктердің, дағдылар мен құзыреттердің тізбесін айқындайды.

5.4. Білім алушылардың білім беру траекторияларын таңдауын іске асыру үшін мамандық шеңберінде білім алушыға еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, қызметтің нақты саласына бағдарланған білім беру бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік беретін элективті пәндер каталогы (ЭПК) әзірленеді.

5.5. ОЖЖ үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі - ОЖЖ) және вариативтік бөлімге сәйкес барлық міндетті пәндер мен ЖОО компонентінің пәндерін қамтитын негізгі бөлімнен тұрады. Вариативтік бөлім-бүлбілім алушыға таңдау үшін ұсынылатын пәндер тізімі.

5.5.1. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге берілетін кредиттердің жалпы саны оны оқуды да, осы пән бойынша аралық аттестаттау нысандарын дайындауды және өтуді де қамтиды.

5.5.2. Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

5.6. Бір оқу жылы шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыру Ғылыми Кеңестің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

5.6.1. Академиялық күнтізбе оқу жылы ішінде білім алушылардың біркелкі жүктемесін сақтау және оқу жұмыс жоспарын орындау мақсатында әзірленеді.

5.6.2. Академиялық күнтізбе негізгі білім беру бағдарламасын іске асыру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 12-беті

бойынша оқу іс-шараларының жиынтығын реттейді.

5.6.3. Академиялық күнтізбелер әр оқу жылына әр білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оқудың барлық деңгейлері үшін бөлек жасалады (бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура, докторантура, ТЖКБ).

5.6.4. Академиялық күнтізбеде Теориялық оқытудың басталуы мен аяқталуының, практиканың барлық түрінен өтудің нақты күнтізбелік мерзімдері, аралық бақылау мен емтихан сессияларын өткізу мерзімдері, сондай-ақ қорытынды аттестаттаудан өту мерзімдері, жазғы семестрге тіркелу уақыты және оның ұзақтығы, сондай-ақ демалыстарға, демалыс күндеріне (демалыстар мен мерекелер) бөлінген уақыт көрсетіледі.

5.6.5. Академиялық күнтізбе (бакалавриат, интернатура, магистратура, докторантура, қолданбалы бакалавриат, ТЖКБ оқу деңгейлері үшін) 2 міндетті семестрді және 1 қосымша (жазғы) семестрді қамтиды. Резидентураның оқу жылында аралық аттестаттаумен аяқталатын бір академиялық кезең көзделеді.

5.6.6. Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу пәндерін зерделеу және кредиттерді игеру, оларды өз жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында міндетті түрде қайта есептей отырып, орта баллды арттыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді (бітіру курсы қоспағанда) енгізуге жол беріледі үлгерімі (GPA), сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде игеру.

5.6.7. Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады, сессияның ұзақтығы кемінде 2 апта немесе пән циклін аяқталғаннан кейін болуы тиіс.

5.6.8. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Практикалардың ұзақтығы 30 сағатқа (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) тең апта ішінде білім алушының практикада жұмыс істеуінің нормативтік уақытына сүйене отырып, апталармен айқындалады. Егер практика кезеңіне жұмыс істемейтін мереке күндері түскен жағдайда, онда осы күндері практикадан өту үшін бөлінген сағаттар күніне 7,3 сағаттан аспайтын көлемде жұмыс күндеріне қайта бөлінеді.

5.6.9. Демалыс әр академиялық кезеңнен кейін беріледі. Бұл ретте бітіру курсы қоспағанда, оқу жылындағы каникулдық уақыттың ұзақтығы бакалавриатта, интернатурада, магистратурада кемінде 7 апта және докторантурада кемінде 5 апта болуы тиіс.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 13-беті

5.6.10. ТЖКБ және қолданбалы бакалавриаттағы демалыс уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қысқы кезеңде - кемінде 2 апта.

5.6.11. Резидент дәрігерлерге академиялық кезеңдер арасында демалыс беріледі. Бітіру курсын қоспағанда, демалыстың ұзақтығы кемінде 7 апта.

5.6.12. Қорытынды аттестаттау білім алушылар барлық оқу пәндерін зерделеуді, аттестаттау мен практиканың барлық түрлерін өтуді қамтитын теориялық оқытуды аяқтағаннан кейін жүргізіледі.

5.6.13. Қорытынды аттестаттау шілде айына дейін аяқталуы керек.

5.6.14. Академиялық күнтізбелер белгіленген нысан бойынша жасалады және маусым айында ЖОО Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

5.7. Оқу сабақтарының кестесі академиялық кезең басталғанға дейін 2 апта бұрын бекітіледі және келесі талаптарды. Қанағаттандыруы тиіс:

5.7.1. Көлемі, мазмұны, сабақ түрлері бойынша жұмыс оқу жоспарлары, оқу мерзімі – осы оқу жылына жасалған академиялық күнтізбеге сәйкес келу;

5.7.2. Оқу жұмыс жоспарында белгіленген оқу процесінің сабақтастығын, жүйелілігін және үздіксіздігін қамтамасыз ету.

5.7.3. оқу материалын терең және берік игеруді қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың еңбегін ғылыми ұйымдастыру қағидаттарына сәйкес келу;

- семестр бойы білім алушыларды кесте бойынша сабақтармен де, өзіндік жұмыспен де біркелкі жүктеуді қамтамасыз ету;

-материалды өз бетінше пысықтау үшін қажетті оқытудың теориялық және практикалық түрлері арасындағы уақыт аралықтарын сақтау;

-жұмыс күні ішінде де, апта күндері де білім алушылардың қабілеттілігі мен шаршау дәрежесінің оқу тиімділігіне әсерін ескеру.

5.7.4. Аудиториялық қор мен зертханаларды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

5.7.5. Бірқатар нақты шектеулерді ескере отырып, келесі байланыстарды қарастыру керек:

- бір ғимараттан екінші ғимаратқа жету;

- профессорлық-оқытушылық құрамның жеке тұлғаларын жеке жүктеу ерекшеліктерімен қарастырылады.

5.7.6. Білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалысы үшін жеткілікті үзіліс ұзақтықтылығы қарастырылу қажет.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 14-беті

6 ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕНІ ӘЗІРЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

6.1.ОЖЖ қалыптастыру үшін мынадай бастапқы құжаттар мен мәліметтер қажет:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен ғылым және жоғары білім Министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС;

- білім алушылардың үлгілік оқу жоспарлары және жеке оқу жоспарлары.

6.2 Кестені қалыптастыру үшін келесі бастапқы құжаттар мен мәліметтер қажет:

- «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілген, қолданыстағы МЖМБС сәйкес жасалған осы оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары;

- «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған академиялық күнтізбе;

- «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілген штат кестесі;

- дәріс курстары мен тәжірибелік сабақ түрлері бойынша профессорлық-оқытушылық құрамды бөлу, сондай-ақ оқытушылардың жеке жүктемесінің ерекшеліктері туралы кафедралардың мәліметтері;

- құрылған топтардың саны туралы деканаттардың мәліметтері;

- қолда бар аудиториялық қор және оның өткізу қабілеті туралы ақпарат.

7 ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН, АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕНІ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІН ӘЗІРЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

7.1.1. ОЖЖ құрастыру кезінде кредиттерді модульдер мен сабақ түрлерін бөлу осы пәнді оқытуды жүзеге асыратын кафедралармен келісіледі. Модульдерді зерттеуге бөлінетін еңбек сыйымдылығы қалыптасқан құзыреттердің көлемі мен сипатымен, дайындық жүйесіндегі модульдердің маңыздылығымен, ондағы теориялық материал мен практикалық жұмыстардың арақатынасымен анықталады.

7.1.2. Әр модульдің пәндерінің көлемі кредиттердің бүтін санымен (кемінде 3 кредит) көрсетіледі.

7.1.3. Модульдің әр пәні дене шынықтыру мен тілдерді қоспағанда, қайталанбайтын атауға ие болуы керек. Модуль пәндері бір академиялық кезеңде оқытылады.

7.1.4. ОЖЖ құру кезінде жұмыс оқу бағдарламасының игеру логикасын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 15-беті

бұзбай, пәнді оқуды бір семестрден екінші семестрге ауыстыруға жол беріледі.

7.1.5. ОЖЖ жасау кезінде жол берілмейді:

- модульдер пәндерінің атауын ерікті түрде өзгертуге;

-үлгілі оқу бағдарламасында қарастырылған кредиттер санын қысқартуға;(техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламаларынан басқа);

- модуль пәндерін оқудағы реттіліктің бұзылуына.

7.1.6. Оқу жоспарларының барлық нысандарында пәндер мен модульдері, практикаларды кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады.

7.1.7. Пәндерге, модульдерге және практикаларға берілген Код әріптік және сандық бөліктен тұрады. Әріптік бөлік латын әліпбиінің әріптерімен, сандық бөлігі араб цифрларымен ұсынылған.

7.1.8. Оқу іс-шараларына барлық циклдар бойынша теориялық оқыту, сондай-ақ практика және қорытынды аттестаттау кіреді.

7.1.9 Қазақстандық бір академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

7.1.10.Бакалавриатта, магистратурада, докторантурада және резидентурада оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

7.1.11. Бакалавриатта, магистратурада, докторантурада бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сай және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте, бір семестр ішінде білім алушы кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

Аудиториялық жұмыс көлемі пәннің жалпы сағат көлемінің кемінде 30%-ын құрауы тиіс. Аудиториялық емес жұмыс (70%) білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) мен оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс (ОБӨЖ) арасында 85%-дан 15%-ға дейінгі арақатынаста бөлінеді. Осы арақатынастағы кез келген өзгерістер «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесінің отырысында міндетті түрде бекітілуге тиіс.

7.1.12. Резидентурадағы бір оқу жылының толық оқу жүктемесі бір оқу жылында кемінде 70 академиялық кредитке (2100 академиялық сағат) сәйкес келеді. Оқу жылында аралық аттестаттаумен аяқталатын бір академиялық кезең көзделеді. Резидентурада даярлау аудиториялық жұмысты, тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмысты және резиденттің өзіндік жұмысын (бұдан әрі – СРР) қамтиды. Теориялық даярлық көлемі оқу

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 16-беті

бағдарламасы көлемінің 20% - нан аспайды.

7.13. ТЖКБ білім алушысының және қолданбалы бакалавриаттың оқу жүктемесінің көлемі кредиттермен (немесе) оқу жұмысының әрбір пәні немесе түрі, меңгерген оқу нәтижелері бойынша сағаттармен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

7.2. Бакалавриатта, интернатурада, магистратурада, докторантурада теориялық оқытудың академиялық кезеңі семестр түрінде белгіленеді. Фронтальды оқудағы бакалавриат үшін семестрдің ұзақтығы - 15 апта, циклдік оқуда-18 апта, магистратура мен докторантура үшін - 15/16 апта, интернатура мен ТЖКБ-да қолданбалы бакалавриат үшін – 18 апта. Резидентурада оқу кезеңі 52 аптаға созылатын академиялық жылды құрайды.

7.2.1. Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, үлгерімнің орташа баллын (GPA) арттыру, сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын игеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр енгізіледі. Бітіруші курстары үшін жазғы семестр қарастырылмаған.

7.2.2. Барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде "ОҚМА" АҚ білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін қамтамасыз етеді. Практикадан өту кезінде білім алушылардың жүктемесі академиялық кредиттерде көрсетіледі. Тәжірибенің барлық түрлерінің бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

7.3. Оқу сабақтарының кестесі бойынша жұмыстың басталуына абсолютті анықтау мақсатында барлық демалыс және мереке күндерін ескере отырып, оқу жылына арналған академиялық күнтізбені жасау керек

7.3.1. «ОҚМА» АҚ-да кестенің фронтальды және фронтальды-циклдік нысандары көзделген. Фронтальды форма "Фармация", «Фармацевтика және медицинадағы цифрлық инжиниринг» ББ үшін және фронтальды цикл үшін қолданылады - "Жалпы медицина"ББ/"медицина", "Педиатрия", "Қоғамдық денсаулық", "Стоматология", "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы", "Медициналық-профилактикалық іс", "Мейірбике ісі" үшін.

Кестенің жиілігі фронтальды оқытуда 3 апта. Үш апталық кесте бойынша кредиттер санына байланысты тәртіп сағаттарын бөлу А, Б және В қосымшаларында берілген.

7.3.2. Білім алушылар үшін оқу сабақтары кестесінің екі ауысымдық режимі белгіленген. 1-ші ауысым сабақтарының басталу уақыты 08: 00-ден ерте емес, 2-ші ауысым сабақтарының аяқталу уақыты 18:50-ден кешіктірмей. Академиялық сағат 50 минутты құрайды (ТЖКБ үшін 45 минут). Сабақтар арасындағы үзіліс 10 минутты құрайды. "Дене шынықтыру" пәні бойынша

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу - әдістемелік орталық		Е 467-2026
Оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі туралы ЕРЕЖЕ		3-ші басылым 46 беттің 17-беті

сабақтар жұп сағатта басталуы тиіс (08:00, 10:00, 12:00 және т.б.), сабақтың ұзақтығы-100 минут.

7.3.3. Аудиториялық сабақтардың ұзақтығы "Дене шынықтыру" пәні бойынша сабақтар мен факультативтік сабақтарды есепке алмағанда күніне 8 академиялық сағаттан аспауға тиіс. Білім алушының бес күндік жұмыс аптасының жалпы еңбек сыйымдылығы оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 36 және 54 сағаттан аспайды.

7.3.4. Кестенің тақырыбында оқу жылы, жартыжылдық, курс, ОП атауы, семестр апталары үш апталық жиілікте көрсетілуі керек. Төменде кестеде уақыт көрсеткіштері (апта күні, апта нөмірі, сабақ өткізу уақыты), пәннің атауы, сабақ түрі, аудитория мен корпусның немесе базаның нөмірі, оқытушының тегі, аты-жөні. көрсетіледі. Кесте деканат құрған топтардың санына (*Г, Е, Н, С, У қосымшалары*) жасалады. ОБӨЖ кестесі жеке парақта ұқсас түрде жасалады (*Е және Ж қосымшалары*)

7.3.5. Сабақ басталардан 1 ай бұрын алдын ала кесте оқытушылардың дұрыстығын тексеру, тегін нақтылау, аудиторияларды анықтау және туындаған сәйкессіздіктерді жою үшін кафедраларға жіберіледі. Кесте құру бойынша мәселелерді реттеу үшін кафедра өкілі немесе меңгеруші болып табылады. Кафедралар 5 күн ішінде ақпарат береді (*II қосымшасы*). ОӘО әдіскерлері алынған ақпаратқа сәйкес кестеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді және оны бекітуге береді.

